

Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша қорытынды есеп

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «Алаш арманы» қоғамдық қоры
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): Айтжанов Ғалымжан Каржаубаевич
3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: ҚР, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 16 шағын аудан, 91 үй, 53 т.е.б
4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты): «Mangystau Coalition of Inventors» жобасы (қаз. – Маңғыстау өнертапқыштар Коалициясы) (Аймақтағы жас өнертапқыштар мен ғалымдарды қолдау)
5. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: сәуір – қараша 2024 ж.
6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 10 750 000 теңге

1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз

Гранттық шарттың №3 қосымшасына (Жобаның толық сипаттамасы) сәйкес жоспарланған индикаторларға қол жеткізу деңгейін көрсете отырып, әлеуметтік жобаны іске асыру шеңберінде жүргізілген барлық іс-шараларды егжей-тегжейлі сипаттау және талдау қажет.

1-міндет. Маңғыстау облысындағы жас ғалымдар мен өнертапқыштарды насихаттау мақсатында кешенді ақпараттық жұмыс жүргізу және Маңғыстау облысында ғылыми және инновациялық бастамаларды қолдау мақсатында жас ғалымдар мен өнертапқыштардың қауымдастығын құру.

1-іс-шара. Маңғыстау облысындағы жас ғалымдар мен өнертапқыштарды насихаттау мақсатында кешенді ақпараттық жұмыс жүргізу. Жас ғалымдар мен өнертапқыштардың қызметін насихаттау үшін кешенді ақпараттық жұмыс жоспарланып, жүзеге асырылды. Медиа және контент жоспарлар жасақталып, ақпараттық жұмыстардың тиімділігі артты. Жобаның брендбугы әзірленіп, оның бірегей бейнесі мен мазмұны айқындалды. Телевизиялық сұхбат өткізіліп, жас ғалымдар мен өнертапқыштардың жетістіктері көпшілікке таныстырылды. Бейнетүсірілімдер ұйымдастырылып, жастардың ғылыми және инновациялық жобаларына кеңінен назар аударылды.

2-іс-шара. Маңғыстау облысында ғылыми және инновациялық бастамаларды қолдау мақсатында жас ғалымдар мен өнертапқыштардың қауымдастығын құру. Маңғыстау облысында жас ғалымдар мен өнертапқыштардың қауымдастығы құрылып, оның алғашқы мүшелері анықталды. Қауымдастықтың жұмысын бастау үшін алғашқы кездесулер өткізіліп, оның мақсаттары мен міндеттері айқындалды. Жастардың ғылыми және инновациялық жобаларына қолдау көрсету үшін қауымдастық мүшелері арасында ынтымақтастық орнатылды. Қауымдастықтың қызметі аясында ғылыми зерттеулер мен өнертабыстарды жариялау және таныстыру үшін ақпараттық

шаралар ұйымдастырылды. Жас ғалымдар мен өнертапқыштардың жетістіктерін кеңінен насихаттау және ынталандыру мақсатында арнайы марапаттау рәсімдері өткізілді. Жалпы саны – 35 қатысушы.

2-міндет. Аймақтағы жастар мен жасөспірімдерге арналған «М-TECH» облыстық инновациялық байқауын ұйымдастыру

1-іс-шара. (1) «М-TECH» облыстық инновациялық байқауын ұйымдастыру. «M-Tech инновациялық байқауы» аймақтағы жастар мен жасөспірімдер үшін үлкен серпін берді! Бұл байқау «Алаш арманы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен және Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың қолдауымен өтті. Жарыс жасөспірімдер мен жастарға өздерінің ең үздік технологиялық және инновациялық идеяларын таныстыруға тамаша мүмкіндік ұсынды. Қатысушылар 14 пен 35 жас аралығындағы жастар болды, олар өз жобаларын ұсынып, болашақтың технологиялық шешімдерін таныстырды. Байқаудың басты мақсаты – жастардың инновациялық ойлауын дамыту, олардың жаңа идеяларын қолдау және болашақ технологияларына негізделген стартаптарды алға жылжыту. Әділ қазылар алқасы қатысушылардың жобаларын мұқият бағалап, әрбір жобаның болашағы мен оның өңірлік дамуға ықпалын қарастырды. Барлық қатысушылар ерекше жобаларын танытты, бірақ ең үздік стартаптар жеңіске жетті. 1-орынды Сансызбай Ырысжан, 2-орынды Ахмедханов Артем, 3-орынды Жумакулов Өркен иеленді. Жүлде қоры - 250 000 теңге. Жеңімпаздарға қаржылай сыйлықтар мен стартаптарын әрі қарай дамытуға қолдау көрсетілді. M-tech инновациялық байқауы жастардың технологиялық әлеуетін арттыруға зор мүмкіндік беріп, өңіріміздегі жаңашылдықтың дамуына үлес қосты.

2-іс-шара. (2) «М-TECH» облыстық инновациялық байқауын ұйымдастыру. «M-Tech инновациялық байқауы» аймақтағы жастар мен жасөспірімдер үшін үлкен серпін берді! Бұл байқау «Алаш арманы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен және Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың қолдауымен өтті. Жарыс жасөспірімдер мен жастарға өздерінің ең үздік технологиялық және инновациялық идеяларын таныстыруға тамаша мүмкіндік ұсынды. Қатысушылар 14 пен 35 жас аралығындағы жастар болды, олар өз жобаларын ұсынып, болашақтың технологиялық шешімдерін таныстырды. Байқаудың басты мақсаты – жастардың инновациялық ойлауын дамыту, олардың жаңа идеяларын қолдау және болашақ технологияларына негізделген стартаптарды алға жылжыту. Әділ қазылар алқасы қатысушылардың жобаларын мұқият бағалап, әрбір жобаның болашағы мен оның өңірлік дамуға ықпалын қарастырды. Барлық қатысушылар ерекше жобаларын танытты, бірақ ең үздік стартаптар жеңіске жетті. 1-орынды Сайранова Сара Мирасовна, 2-орынды Күнтуар Айдарбек Аманұлы, 3-орынды Иманмади Айсұлу Жеңісбекқызы иеленді. Жеңімпаздарға қаржылай сыйлықтар мен стартаптарын әрі қарай дамытуға қолдау көрсетілді. Жүлде қоры - 250 000 теңге. M-tech инновациялық байқауы жастардың технологиялық әлеуетін арттыруға зор мүмкіндік беріп, өңіріміздегі жаңашылдықтың дамуына үлес қосты.

3-міндет. Аймақтағы жастар мен жасөспірімдерге арналған облыстық «Mangystau Jastar Startup – 2024» жас стартаперлер байқауын ұйымдастыру

1-іс-шара. Аймақтағы жастар мен жасөспірімдерге арналған облыстық «Mangystau Jastar Startup – 2024» жас стартаперлер байқауын ұйымдастыру. «Mangystau Jastar Startup – 2024» жас стартаперлер байқауы сәтті аяқталды! Бұл іс-шара «Алаш арманы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен және Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың қолдауымен өтті. Байқауға облысымыздың ең талантты, креативті және батыл жастары қатысып, өздерінің бірегей стартап жобаларын ұсынды. Іс-шараның мақсаты – жастардың инновациялық идеяларын қолдау және дамытуға мүмкіндік беру. Қатысушыларымыз өздерінің жобалары арқылы өңіріміздің

технологиялық болашағына үлес қосуға дайын екендіктерін көрсетті. Сайыс нәтижесінде жеңімпаздар анықталды. 1-орынды Абдулла Мадина, 2-орынды Қайырбай Ақансері, 3-орынды Русланқызы Анели өз қанжығасына байлады. Жүлде қоры - 500 000 теңге. Барлық қатысушыларға алғыс хаттар мен сыйлықтар табысталды. Әрбір қатысушы біз үшін жеңімпаз, себебі олар батыл қадам жасап, өз жобаларын ұсынды!

4-міндет. Аймақтағы жастар мен жасөспірімдерге арналған Маңғыстау облыстық инновациялық шешімдер хакатонын ұйымдастыру

1-іс-шара. Аймақтағы жастар мен жасөспірімдерге арналған Маңғыстау облыстық инновациялық шешімдер хакатонын ұйымдастыру. «Алаш арманы» қоғамдық қоры және «Mangystau Hub» ұйымдастыруымен 2024 жылдың 24-25 маусымында «Holiday Inn» қонақ үйінің кіші конференц залында «MANGYSTAU TECH YOUTH HAKATON» аймақтағы жастар мен жасөспірімдерге арналған Маңғыстау облыстық инновациялық шешімдер хакатоны өтті. Шара Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының және Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының қолдауымен өткізілді. Хакатон - цифрландыруды дамытуға үлес қосатын Маңғыстау облысындағы жастар арасындағы әлеуметтік мәселелерді шешу мақсатында жиналған мектеп оқушылары, студенттер мен жас IT мамандарының топтық жарысы. Хакатонның негізгі мақсаты - заманауи және ыңғайлы цифрлық шешімді енгізу арқылы жастар арасындағы әлеуметтік мәселелердің алдын алуға және есірткі тарату, құмар ойындар (лудомания), суицид, ерте жүктілік және жұмыссыздық сияқты негізгі мәселелер туралы хабардар болуға бағытталған инновациялық IT шешімдерін әзірлеу. Хакатонға 24 сағат ішінде 50 қатысушы Маңғыстау облысының Ақтау қаласында инновациялық шешімдерін әзірлеу үшін 14 командаға біріктірілді. Олар 2 күн ішінде Маңғыстау облысының Ақтау қаласында инновациялық шешімдерін әзірлеумен айналысты. 25-маусымда хакатон қатысушылары Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы, «Алаш арманы» қоғамдық қоры, Mangystau Hub және сырттан шақыртылған IT-сарапшы өкілдерінен құралған қазылар алқасының алдында өз конкурстық жұмыстарын қорғады. Хакатон қорытындысы бойынша I орынды «Bit Storm» командасы (Yessenov University студенттері), II орынды «Ура работать» командасы («Назарбаев Зияткерлік мектептері» 11-сынып оқушылары), III орынды «SolveNow» («Назарбаев Зияткерлік мектептері» 11-сынып оқушылары) командасы иеленді. Хакатон жеңімпаздарына арнайы дипломдар мен жүлде қоры 700 мың теңге көлеміндегі қаржылай сертификаттар табысталды. Жеңімпаз командалар өз жобаларын аяқтауға және әрі қарай жүргізуге мүмкіндік алды. Қаржылай сертификаттар «Алаш арманы» қоғамдық қорының және «Mangystau Hub» аймақтық хабтың демеушілігімен жүзеге асты.

5-міндет. Аймақтағы жас ғалымдар мен өнертапқыштарға арналған «Білім. Ғылым. Инновация.» аймақтық конференциясын ұйымдастыру

1-іс-шара. Еліміздегі ғылым саласындағы танымал сарапшылардың қатысуымен кемінде 2 интеллектуалдық конференция ұйымдастыру. (1) Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен «Алаш арманы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен 17 қыркүйекте «Хан шахар» салтанат сарайында Аймақтағы жас ғалымдар мен өнертапқыштарға арналған «Білім. Ғылым. Инновация.» аймақтық конференциясы өтті. Конференцияға Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Мұқаш Оралбай, белсенді жастар, арнаулы оқу орын ұстаздары мен студенттері, мектеп оқушылары және БАҚ өкілдері қатысты. Конференцияны «Алаш арманы» қоғамдық қорының директоры Ғалымжан Айтжанов ашып, «Mangystau Coalition of Inventors» жобасы бойынша айтып өтті. Конференцияға арнайы спикер ретінде БАҚ-да ықпалды кәсіпкер және білім беру мен маркетинг

саласында терең білімі мен тәжірибесі бар полиглот Мәди Базылбек, «Alpha Study» негізін қалаушы және бас директоры, «USTEM Foundation» қоғамдық қорының жоба жетекшісі Нұрлыбек Нұржанов және Yessenov University Педагогика кафедрасының оқытушысы, докторант Айгерім Шарипова шақырылды. Конференция шеңберінде 2 спикер сөз сөйледі, олар өздерінің тәжірибелерімен бөлісіп, жастарға бағыт-бағдар берді. Сондай-ақ, спикерлер қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын жеткізді. Шара соңында Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Мұқаш Оралбай сөз сөйлеп, Маңғыстау облысындағы мемлекеттік жастар саясатының іске асуына үлес қосып жүрген жастарды марапаттады. Қатысушылар саны - 130

2-іс-шара. Еліміздегі ғылым саласындағы танымал сарапшылардың қатысуымен кемінде 2 интеллектуалдық конференция ұйымдастыру. (2) Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен «Алаш арманы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен 18 қазанда «Хан шахар» салтанат сарайында Аймақтағы жас ғалымдар мен өнертапқыштарға арналған «Білім. Ғылым. Инновация.» аймақтық конференциясы өтті. Конференцияға Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Мұқаш Оралбай, белсенді жастар, арнаулы оқу орын ұстаздары мен студенттері, мектеп оқушылары және БАҚ өкілдері қатысты. Конференцияны «Алаш арманы» қоғамдық қорының директоры Ғалымжан Айтжанов ашып, жоба туралы қысқаша айтып өтті. Конференцияға арнайы спикер ретінде Әл-Фараби атындағы ҚАЗҰУ, Химия факультетінің түлегі. Сеул Ұлттық Университетінде (Сеул, Оңтүстік Корея) кандидаттық диссертациясын, Квансей Гакуин Университетінде (Осака, Жапония) докторлық диссертациясын қорғаған. Химия ғылымының докторы, Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті Қазақстан Жапон инновация орталығының директоры Мырзақожа Диас Асылбекұлы және «Алкогольге қарсы тақырыптағы әңгімелер» әдістемелік ұсыныстарын құрастырушы. Нашақорлықтың, темекі шегудің, алкоголизмнің, уытқұмарлықтың және басқа да мінез-құлық қауіп факторларының алдын-алу бойынша тренингтердің авторы. әлеуметтік зерттеулер жүргізетін маман, тренер Қалиев Ерлан Ильясұлы шақырылды. Конференция шеңберінде 2 спикер сөз сөйледі, олар өздерінің тәжірибелерімен бөлісіп, жастарға бағыт-бағдар берді. Сондай-ақ, спикерлер қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын жеткізді. Шара соңында Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Мұқаш Оралбай сөз сөйлеп, Маңғыстау облысындағы мемлекеттік жастар саясатының іске асуына үлес қосып жүрген жастарды марапаттады.

6-міндет. Аймақтағы жас ғалымдар мен өнертапқыштарға арналған кемінде 150 жастың қатысуымен ынталандыру қорытынды шарасын ұйымдастыру

1-іс-шара. Аймақтағы жас ғалымдар мен өнертапқыштарға арналған ынталандыру қорытынды шарасын ұйымдастыру (Ғылыми жаңалық ашқан, әр түрлі деңгейдегі пәндік олимпиадада жеңіске жеткен жас азаматтарды шақырту). 2024 жылғы 28 қарашада Маңғыстау облысы, Ақтау қаласында Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының және Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының қолдауымен «Алаш арманы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен Аймақтағы Жас ғалымдар мен өнертапқыштардың форумы өтті. Шара басталмай тұрып, қатысушылар «Алаш арманы» қоғамдық қоры ұйымдастырған инновациялық байқаулар жеңімпаздарының туындылары қойылған көрме мен кітап жәрмеңкесін тамашалады. Жәрмеңкеде түрлі жанрдағы кітаптар ұсынылып, оқырмандардың қызығушылығын арттыруға бағытталған ерекше мәдени алаңға айналды. Сонымен қатар, домбырашылар орындаған күй әуені шараға ұлттық нақыш пен ерекше эсер беріп, қатысушылардың көңіл-күйін көтерді. Бұл үйлесім мәдени шараның рухани байлығын айшықтай түсті. Шараны Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Мұқаш Оралбай ашып, өңіріміздің жас ғалымдары мен өнертапқыштарының маңызды рөлін атап өтті. Форумда жыл басынан

ұйымдастырылған маңызды шаралар мен байқаулар айтылып, жас ғалымдардың жетістіктері мен жасаған инновациялық жобалары таныстырылды. Сонымен қатар, «М-тех» облыстық инновациялық байқауының қорытындысы жарияланып, жеңімпаздарға диплом мен қаржылай сертификаттар табысталды. Шара барысында Маңғыстау облыстық жас ғалымдар мен өнертапқыштардың қауымдастығы құрылды. Бұл оқиға облыстың ғылыми және инновациялық саласындағы жаңа кезеңнің бастамасы болды. Қауымдастықтың құрылуы жастардың ғылым мен техниканың дамуына үлес қосуына мүмкіндік беріп, олардың шығармашылық әлеуетін кеңейтуге бағытталған. Қауымдастықтың мақсаты – аймақтағы ғылыми зерттеулер мен инновациялық жобаларды жүзеге асыру, жас мамандар арасында ынтымақтастық орнатып, ғылым мен инновация саласында жаңа бастамаларды қолдау. Қауымдастық мүшелері өз жобаларын ортаға салып, оларды жүзеге асыру үшін қажетті ресурстар мен қолдау тапты. Жиында 10 жас ғалымға өздерінің ғылыми жетістіктері мен еңбектері үшін арнайы төсбелгілер мен куәліктер табысталды. Марапаттау рәсімі жас ғалымдардың ғылымдағы маңызды рөлін атап өтіп, олардың болашақтағы жұмыстарына ынталандыру болды. Бұл шара Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының және Азаматтық бағдарламаларды қолдау орталығының қолдауымен жүзеге асып, аймақтағы жас ғалымдар мен өнертапқыштарға жаңа мүмкіндіктер ашты. Жастардың ғылым мен инновация саласындағы жетістіктері мен болашақ бағыттары қоғамға айтарлықтай әсер етуі тиіс. Форум соңында «Алаш арманы» қоғамдық қорының директоры Айтжанов Ғалымжан Қаржаубайұлы сөз алып, қатысушыларға алғысын білдіріп, өнертапқыштардың ғылымға қосқан үлесін атап өтті.

Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:

Жобаның мақсаты:		Аймақтағы жас өнертапқыштар мен ғалымдарды қолдау. Маңғыстау облысында ғылыми және инновациялық бастамаларды қолдау арқылы жоба нәтижесінде кемінде 35 жастан тұратын жас ғалымдар мен өнертапқыштардың қауымдастығын құру.							
Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:		1. Маңғыстау облысындағы жас ғалымдар мен өнертапқыштарды насихаттау мақсатында кешенді ақпараттық жұмыс жүргізу; 2. Аймақтағы жастар мен жасөспірімдерге арналған кемінде 100 жастың қатысуымен Маңғыстау облыстық 2 инновациялық байқауын ұйымдастыру; 3. Маңғыстау облысындағы кемінде 100 жастың қатысуымен жас стартаперлер байқауын ұйымдастыру; 4. Кемінде 50 жастың қатысуымен Маңғыстау облыстық инновациялық шешімдер хакатонын ұйымдастыру; 5. Еліміздегі ғылым саласындағы танымал сарапшылардың қатысуымен кемінде 2 интелектуалдық конференция ұйымдастыру; 6. Аймақтағы жас ғалымдар мен өнертапқыштарға арналған кемінде 150 жастың қатысуымен ынталандыру қорытынды шарасын ұйымдастыру.							
Міндет	Міндет шеңберіндегі іс-шаралар	Өткізілу күні	Өткізілу орны	Қатысушылардың саны	(Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер	Сандық және сапалық көрсеткіштер	Индикаторлар		Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге)
							жоспар	факт	

1-міндет. Маңғыстау облысындағы жас ғалымдар мен өнертапқыштарды насихаттау мақсатында кешенді ақпараттық жұмыс жүргізу және Маңғыстау облысындағы ғылыми және инновациялық бастамаларды қолдау мақсатында жас ғалымдар мен өнертапқыштардың қауымдастығын құру	1-іс-шара. Маңғыстау облысындағы жас ғалымдар мен өнертапқыштарды насихаттау мақсатында кешенді ақпараттық жұмыс жүргізу		Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы		Жас ғалымдар мен өнертапқыштардың қызметін насихаттау үшін кешенді ақпараттық жұмыс жоспарланып, жүзеге асырылды. Медиа және контент жоспарлар жасақталып, ақпараттық жұмыстардың тиімділігі артты. Жобаның брендбугы әзірленіп, оның бірегей бейнесі мен мазмұны айқындалды. Телевизиялық сұхбат өткізіліп, жас ғалымдар мен өнертапқыштардың жетістіктері көпшілікке таныстырылды. Бейнетүсірілімдер ұйымдастырылып, жастардың ғылыми және инновациялық	Медиа-жоспарды (тапсырыс берушімен келісу арқылы)	1	1	Жас ғалымдар мен өнертапқыштардың қызметін насихаттау аймақтағы ғылым мен инновацияның беделін арттырады. Ақпараттық жұмыстар жастардың ғылым мен инновацияға деген қызығушылығын күшейтеді, олардың жаңа жобаларға қатысуын ынталандырады. Жастардың ғылыми жетістіктерін насихаттау қоғамдағы ғылым мен инновацияны қолдайтын орта қалыптастырады. Маңғыстау облысындағы жас ғалымдар мен өнертапқыштардың жұмыстары республика және халықаралық деңгейде танылады. Жас ғалымдардың
						Контент-жоспар (тапсырыс берушімен келісу арқылы)	1	1	
						Әлеуметтік желіге жарияланым	1	1	
						БАҚ-та жарияланым	1	1	
						Жобаның брендбугын әзірлеу (логотип, бірыңғай дизайн) (тапсырыс берушімен келісу арқылы)	1	1	
						Жергілікті атқарушы органға жолданатын хат	1	1	
						Телевизиялық сұхбат	Кемінде 1	Кемінде 1	
						Жағымды пікірлер	Кемінде 10	Кемінде 10	
						Әлеуметтік желі	2	2	
						Әлеуметтік желідегі айдар	4	4	
						Бейнетүсірілім	10	10	

					жобаларына кеңінен назар аударылды.				және инновациялық жобалардың жетістіктері аймаққа инвесторлар мен демеушілерді тартуға көмектеседі. Ақпараттық жұмыс білім беру бағдарламалары мен ғылыми зерттеулерді дамытуға ықпал етеді, жастардың кәсіби деңгейін арттырады.
	2-іс-шара. Маңғыстау облысында ғылыми және инновация лық бастамалар ды қолдау мақсатынд а жас ғалымдар мен өнертапқы штардың қауымдаст ығын құру		Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы		Маңғыстау облысында жас ғалымдар мен өнертапқыштарды ң қауымдастығы құрылып, оның алғашқы мүшелері анықталды. Қауымдастықтың жұмысын бастау үшін алғашқы кездесулер өткізіліп, оның мақсаттары мен міндеттері айқындалды.	Жұмыс жоспары <i>(тапсырыс берушімен келісу арқылы)</i> Аймақтағы өнертапқыштар мен жас ғалымдардың тізімі <i>(аты-жөні, байланыс нөмірі)</i> <i>(тапсырыс берушімен келісу арқылы)</i> Хаттама Әлеуметтік желіге жарияланым БАҚ-та жарияланым Бейне түсірілім	1 1 1 1 1 1	1 1 1 1 1 1	Маңғыстау облысында ғылыми және инновациялық ортаның тұрақты дамуы қалыптасады, бұл жастардың ғылыми әлеуетін арттырып, олардың жаңа зерттеулер мен жобаларды жүзеге асыруға ынталандырады. Қауымдастықтың қызметі ғылым мен өндіріс арасындағы

					Жастардың ғылыми және инновациялық жобаларына қолдау көрсету үшін қауымдастық мүшелері арасында ынтымақтастық орнатылды. Қауымдастықтың қызметі аясында ғылыми зерттеулер мен өнертабыстарды жариялау және таныстыру үшін ақпараттық шаралар ұйымдастырылды. Жас ғалымдар мен өнертапқыштардың жетістіктерін кеңінен насихаттау және ынталандыру мақсатында арнайы марапаттау рәсімдері өткізілді.	Маңғыстау облысында ғылыми және инновациялық бастамаларды қолдау мақсатында құрылған жас ғалымдар мен өнертапқыштардың қауымдастығы	1 (35 жастан тұрады)	1 (35 жас тан тұрады)	байланысты нығайтуға ықпал етіп, ғылыми зерттеулердің коммерцияландыруын және өнертабыстардың өндіріске енгізілуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, жас ғалымдар мен өнертапқыштар жаңа инновациялық шешімдер ұсыну арқылы аймақтағы әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған жобаларды іске асырады. Бұл өз кезегінде аймақтың ғылыми беделін арттырып, республикалық және халықаралық деңгейде танылуына ықпал етеді. Кәсіби байланыстардың кеңеюі жаңа ғылыми серіктестіктер мен
--	--	--	--	--	---	--	---	--	---

									стартаптарға негіз бола отырып, ғылыми-технологиялық дамуды жеделдетеді. Қауымдастықтың жетістіктері мен жобалары инвесторлардың қызығушылығын арттырып, аймаққа қосымша қаржылық қолдау мен инвестициялар тартуға мүмкіндік береді.
2 міндет. Аймақтағы жастар мен жасөспірімдерге арналған «М-ТЕСН» облыстық инновациялық байқауын ұйымдастыру	«М-ТЕСН» облыстық инновациялық байқауын ұйымдастыру		Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы	200	«М-ТЕСН» облыстық инновациялық байқауларының нәтижесінде қатысушылар саны артты, түрлі салаларда инновациялық идеялар ұсынылды, қатысушылар арасында тәжірибе алмасу орын алды, үздік жобалар марапатталып, жастардың	«М-ТЕСН» облыстық инновациялық байқауы Бағдарлама (тапсырыс берушінің келісім арқылы) Байқау ережесі (тапсырыс берушінің келісім арқылы) Қатысушылар тізімі (жастар мен жасөспірімдердің аты-жөні, байланыс нөмірі, қолы) Әлеуметтік желіге жарияланым	2 2 1 Кемінде 100 (әр байқау бойынша) 1 анонс видео/2 посттер	2 2 1 Кемінде 100 (әр байқау бойынша) 1 анонс	Байқау жас ғалымдар мен өнертапқыштардың дамуына ықпал етіп, өңірде инновациялық орта құруға негіз болады. Жастардың ғылым мен технологияларға қызығушылығы тұрақты түрде өсіп, олар өз идеяларын жүзеге асыру үшін жаңа құралдар мен мүмкіндіктерге ие болады. Жобалардың

					инновацияларға деген қызығушылығы нығайды.		видео /2 постт ер	коммерциялануы мен өндіріске енгізілуі арқылы өңір экономикасының дамуына және әлеуметтік мәселелердің шешілуіне үлес қосылады. Инновациялық жобаларды жүзеге асыру жаңа стартаптардың, кәсіпорындардың және жұмыс орындарының ашылуына ықпал етеді. Байқаудың арқасында мектептер мен университеттерде ғылым мен техниканың рөлі артып, болашақ өнертапқыштарды оқыту үшін жаңа бағдарламалар пайда болуы мүмкін. Қатысушылар мен сарапшылар арасындағы байланыстар ұзақ мерзімді
					Чат бот / есебі	1 / 1	1 / 1	
					БАҚ-та жарияланым	2	2	
					Хаттама	2	2	
					Тәлімгерлер саны және есебі (түйіндеме)	3	3	
					Комиссия тізімі (комиссия мүшелері туралы түйіндеме, ғылым, технология және иновация саласындағы сарапшы мамандар, ғалымдар мен мемлекеттік орган жетекшілері, бизнес қауымдастықтың кәсіби әрі беделді өкілдері)	2	2	
					Комиссия отырысының тікелей эфирі (сілтемесі немесе бейне материал)	1	1	
					Өңірдегі жалпы, арнаулы кәсіптік және жоғары білім беру ұйымдарына ақпараттық хат жолдау	1	1	

						Қордың және танымал инфлюенсерлердің әлеуметтік желідегі парақшаларында тікелей эфирлер ұйымдастыру Фото/видео есеп	1 5 / 5 фото - 1/1 видео	1 5 / 5 фото - 1/1 видео	серіктестік пен бірлескен жобаларға негіз болады.
						Жүлде қоры / Сертификат (жүлде қорын табыстау актісі)	250 000 тг / сертиф:2 0 (әр байқау бойынша)	250 0 00 тг / серти ф:20 (әр байқау бойынша)	
3 міндет. Аймақтағы жастар мен жасөспірімдерге арналған облыстық «Mangystau Jastar Startup – 2024» жас стартаперлер байқауын ұйымдастыру	Аймақтағы жастар мен жасөспірімдерге арналған облыстық «Mangystau Jastar Startup – 2024» жас стартаперлер байқауын ұйымдастыру		Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы	100	Байқауға аймақтан келген жастар мен жасөспірімдер белсене қатысып, өздерінің стартап идеяларын таныстыруға мүмкіндік алды. Жастар арасында кәсіпкерлікке деген қызығушылық артып, олар өз идеяларын іске асыруға алғашқы қадам жасады. Үздік стартап жобалар	Бағдарлама (тапсырыс берушінің келісім арқылы) Байқау ережесі (тапсырыс берушінің келісім арқылы) Қатысушылар тізімі (жастар мен жасөспірімдердің аты-жөні, байланыс нөмірі, қолы) Әлеуметтік желіге жарияланым БАҚ-та жарияланым	1 1 Кемінде 100 1 анонс виде / 2 посттер 1 3 1	1 1 Кемінде 100 1 анонс виде / 2 посттер 1	Байқау нәтижесінде жаңа кәсіпкерлер пайда болып, олардың стартаптары аймақ экономикасына үлес қосады. Стартап идеялары арқылы инновациялық шешімдер жүзеге асып, өңірде технологиялық даму қарқыны артады. Құрылатын стартаптар жаңа жұмыс орындарын ұсынып, аймақтағы жастардың

					анықталып, жеңімпаздар марапатталды, бұл қатысушылардың мотивациясын күшейтті. Қатысушылар арасында тәжірибе мен идея алмасу орын алып, кәсіби байланыстар орнады. Стартапты іске асыруға алғашқы инвестиция немесе қолдау мүмкіндіктері ұсынылды.	Тәлімгерлер саны және есебі (түйіндемесі) Хаттама Комиссия тізімі (комиссия мүшелерінің түйіндемесі ғылым, технология және иновация саласындағы сарапшы мамандар, ғалымдар мен мемлекеттік орган жетекшілері, бизнес қауымдастықтың кәсіби әрі беделді өкілдері) Комиссия отырысының тікелей эфирі (сілтемесі немесе бейне материал) Өңірдегі жалпы, арнаулы кәсіптік және жоғары білім беру ұйымдарына ақпараттық хат жолдау Қордың және танымал инфлюенсерлердің әлеуметтік желідегі парақшаларында тікелей эфирлер ұйымдастыру Жүлде қоры / Сертификат (жүлде қорын табыстау актісі)	3 1 1 1 1 1 500 000 тг / сертифи. - 20	4 1 1 1 1 1 500 0 00 тг / серти	жұмыспен қамтылуын жақсарттады. Жастар арасында стартап мәдениеті дамып, білім беру жүйесінде кәсіпкерлікке бағытталған бағдарламалар көбейеді. Стартаптардың бір бөлігі өңірдегі әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешуге бағытталуы мүмкін. Стартаптардың табысты жүзеге асуы нәтижесінде аймаққа инвесторлардың қызығушылығы артады.
--	--	--	--	--	---	---	---	---	--

						Фото/видео есеп	5 фото / 1 видео	фи. - 20 5 фото / 1 видео	
						Чат бот/есебі	1 / 1	1 / 1	
4-міндет. Аймақтағы жастар мен жасөспірімдерге арналған Маңғыстау облыстық инновациялық шешімдер хакатонның ұйымдастыру	Аймақтағы жастар мен жасөспірімдерге арналған Маңғыстау облыстық инновациялық шешімдер хакатонның ұйымдастыру		Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы	50	Хакатонға жастар мен жасөспірімдердің белсенді қатысуы олардың инновациялық жобаларға қызығушылығын көрсетті. Қатысушылар арасында командалық жұмыс, креативті ойлау және жедел шешім қабылдау дағдылары дамыды. Ең үздік жобалар анықталып, оларды жүзеге асыру үшін алғашқы қадамдар жасалды. Қатысушылар мен сарапшылар арасында кәсіби	Бағдарлама <i>(тапсырыс берушінің келісім арқылы)</i> Байқау ережесі <i>(тапсырыс берушінің келісім арқылы)</i> Қатысушылар тізімі <i>(жастар мен жасөспірімдердің аты-жөні, байланыс нөмірі, қолы)</i> Әлеуметтік желіге жарияланым БАҚ-та жарияланым Хаттама Комиссия тізімі <i>(комиссия мүшелерінің түйіндемесі ғылым, технология және иновация саласындағы сарапшы мамандар, ғалымдар мен мемлекеттік орган</i>	1 1 Кемінде 50 1 анонс видео/ 2 посттер 1 1 1	1 1 Кемінде 50 1 анонс видео / 2 посттер 1 1 1	Хакатоннан шыққан идеялар өңірдегі түрлі салаларда тиімді технологиялық шешімдерге айналады. Аймақта жастардың қатысуымен инновациялық стартаптар мен жобалар саны артады. Хакатон тәжірибесі қатысушыларды өз жобаларын жүзеге асыруға және кәсіпкерлікпен айналысуға ынталандырады. Хакатонға қатысу өңірдегі білім беру мекемелерінде инновацияға бағытталған бағдарламалардың

					байланыстар орнап, болашақ ынтымақтастыққа негіз қаланды. Жастардың технологиялық құралдар мен әдістерді қолданудағы білім деңгейі артты.	жетекшілері, бизнес қауымдастықтың кәсіби әрі беделді өкілдері) Комиссия отырысының тікелей эфирі (сілтемесі немесе бейне материал) Өңірдегі жалпы, арнаулы кәсіптік және жоғары білім беру ұйымдарына ақпараттық хат жолдау Қордың және танымал инфлюенсерлердің әлеуметтік желідегі парақшаларында тікелей эфирлер ұйымдастыру Марапаттау Фото/видео есеп Билборд (тапсырыс берушінің келісім арқылы) Бейне түсірілім	1 1 1 20 5 фото / 1 видео 3 1	1 1 1 20 5 фото / 1 видео 3 1	пайда болуына ықпал етеді. Іске асқан жобалар өңірде жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Хакатон барысында шешімін тапқан жобалар өңірдегі әлеуметтік және экологиялық мәселелерді азайтуға бағытталады. Табысқа жеткен жобалар мен стартаптар арқылы инвесторлардың өңірге қызығушылығы күшейеді.
5-міндет. Аймақтағы жас ғалымдар мен	Еліміздегі ғылым саласындағы танымал сарапшыла		Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы	260	Конференцияға аймақтың жас ғалымдары, өнертапқыштары және студенттері	Бағдарлама (тапсырыс берушімен келісу арқылы) Қатысушылар тізімі	2 130 (әр конф.	2 130 (әр	Жас ғалымдардың зерттеу және өнертапқыштық жұмыстары өңірде ғылымның

өнертапқы штарға арналған «Білім. Ғылым. Инновация. » аймақтық конференц иясын ұйымдасты ру	рдың қатысуыме н кемінде 2 интеллекту алдық конференц ия ұйымдасты ру				белсенді түрде қатысып, өздерінің зерттеулері мен идеяларын таныстыруға мүмкіндік алды. Ғылым мен инновация саласындағы өзекті мәселелер мен шешімдер талқыланды. Қатысушылар өзара тәжірибе және білім алмасып, ғылыми қауымдастық арасындағы ынтымақтастық нығайды. Ең үздік зерттеу және өнертапқыштық жұмыстар марапатталып, авторлардың ынтасы артты. Жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытуға бағытталған ұсыныстар қабылданды.	(аты-жөні, байланыс нөмірі, қолы)	бойынш а)	конф. бойы нша)	дамуына серпін береді. Конференция барысында ұсынылған идеялар мен шешімдер экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталады. Конференция нәтижесінде өндіріс орындары мен жас ғалымдар арасында ынтымақтастық орнап, зерттеулерді коммерцияландыру ға мүмкіндік туады. Іс-шара аймақтағы жастардың ғылымға деген қызығушылығын арттырып, болашақ зерттеушілерді қалыптастыруға ықпал етеді. Ғылыми және инновациялық жобаларды жүзеге асыру жаңа кәсіпорындар мен жұмыс орындарын күруға мүмкіндік
					Әлеуметтік желіге жарияланым/рилс		1 / 1	1 / 1	
					Марапаттау		30	30	
					Хаттама		1 (әр конфер. бойынш а)	1 (әр конфе р. бойы нша)	
					Фото/видео есеп		5 фото / 1 видео (әр конфере н. бойынш а)	5 фото / 1 видео (әр конфе рен. бойы нша)	
					Еліміздегі ғылым саласындағы танымал сарапшылар (түйіндеме)	Кемінде 3	3	Кемін де 3	
					Ақпараттық посттер		2	2	

									береді. Конференцияның тәжірибесі өңірде тұрақты ғылыми және инновациялық ортаны қалыптастыруға негіз болады. Іске асқан ғылыми жобалар мен өнертабыстар аймаққа инвесторлар мен демеушілердің назарын аудартады.
6-міндет. Аймақтағы жас ғалымдар мен өнертапқы штарға арналған кемінде 150 жастың қатысуыме н ынталанды ру қорытынды шарасын ұйымдасты ру	Аймақтағы жас ғалымдар мен өнертапқы штарға арналған ынталанды ру қорытынды шарасын ұйымдасты ру (Ғылыми жаңалық ашқан, әр түрлі деңгейдегі пәндік олимпиадада		Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы	150	«Mangystau Coalition of Inventors» жобасы аясында өткен байқау жеңімпаздарының инновациялық көрмесі ұйымдастырылып , олардың шығармашылық жұмыстарын көпшілікке таныстыру мүмкіндігі берілді. Ғылыми жаңалық ашқан және пәндік олимпиадаларда	Қорытынды форум бағдарламасы (тапысырыс берушімен келісу арқылы) Қатысушылар тізімі (аты-жөні, байланыс нөмірі, қолы) Форум барысында «Mangystau Coalition of Inventors» жобасы аясында өткен байқау жеңімпаздарының инновациялық көрме өткізу Форум қорытындысы бойынша Маңғыстау облысының жас ғалымдарының қауымдастығы	1 150 1 20	1 150 1 20	Форум нәтижесінде құрылған жас ғалымдардың қауымдастығы өңірде ғылым мен инновацияны дамытуға бағытталған белсенді жұмыс істейді. Құрылған қауымдастық арқылы жастардың ғылым мен зерттеулерге деген қызығушылығы мен ынтасы артады. Форумдағы көрме мен таныстырылымдар

	жеңіске жеткен жас азаматтарды шақырту)				жеңіске жеткен жас азаматтар өз жетістіктерін бөлісіп, ғылым жолындағы жетістіктерін паш етті. Форумның қорытындысында Маңғыстау облысының жас ғалымдарының қауымдастығы құрылып, оның мүшелеріне төсбелгі мен куәлік табыс етілді. Аймақтың ғылым мен инновация саласына үлес қосқан жас азаматтар арнайы марапаттарға ие болды, бұл олардың еңбегін жоғары бағалау мен ынталандыруға мүмкіндік берді.	құрылып, төсбелгі мен куәлік табыс ету, ғылым мен инновация саласына үлес қосқан жас азаматтар марапаттау Әлеуметтік желіге жарияланым/рилс Фото/видео есеп БАҚ-та жарияланым	2 /1 5 фото / 1 видео Кемінде 1	2 /1 5 фото / 1 видео Кемінде 1	жаңа ғылыми жобаларды бастауға және оларды жүзеге асыруға түрткі болады. Форумда ерекше жетістіктерге қол жеткізген жастардың есімдері аймақтың ғылыми беделін арттырып, оны республика мен халықаралық деңгейде танытады. Форум барысында жас ғалымдар мен өнертапқыштар арасында жаңа байланыстар қалыптасып, болашақта ғылыми және кәсіби жобалар бойынша ынтымақтастық орнатылады. Форумның ықпалы аймақтағы білім беру бағдарламаларын жаңғырту мен ғылыми зерттеулерді ынталандыруға ықпал етеді.
--	---	--	--	--	--	---	--	--	--

									Жастардың ғылыми жетістіктері мен инновациялық жобалары аймаққа инвесторларды тарту мен қолдау бағдарламаларын күшейтуге көмектеседі.
--	--	--	--	--	--	--	--	--	---

Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі/егер бар болса, жоспардан ауытқудың негіздемесі: Жоспардан ауытқу жоқ

Әлеуметтік жобаның әлеуметтік-экономикалық әсерін көрсететін кестені толтырыңыз

	Индикатор	Өлшем бірлігі	Жоспарланған деңгейі	Нақты деңгейі
1.	Тікелей бенефициарлардың саны	адам	790	818
2.	Жанама бенефициарлардың саны (БАҚ-та жарықтандыру есебінен)	адам	1000	1000
3.	Штаттық қызметкерлердің саны	адам	3	3
4.	Тартылған мамандардың саны	адам	3	3
5.	Қамтылған ҮЕҰ саны	ұйым	2	2
6.	Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры	теңге	2400000	2400000
7.	Салықтар (тек штаттық қызметкерлердің ӘС, ӘА, МӘМС)	теңге	250140	250140
8.	Экономикаға қосқан үлесі (тауарлар мен қызметтерді сатып алу)	теңге	8099860	8099860
9.	Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және/немесе жеке тұлғалар)	ұйым/адам	2	2

2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету):

Жоба шеңберінде жас өнертапқыштар мен ғалымдарға қолдау көрсету үшін ұйымдастырылған іс-шаралар мен бағдарламалар олардың кәсіби дамуына және ғылыми жобаларын іске асыруына мүмкіндік берді. Қауымдастықтың құрылуы және оның жұмысын бастау арқылы аймақтағы жастардың ғылым мен инновацияға деген қызығушылығы артты, әрі олардың шығармашылық әлеуеті кеңейтілді.

3. Әлеуметтік жобаның аяқталуы және/немесе іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу

(жобаға дейінгі ахуал мен жоба аяқталған кездегі жобалық жағдайды, жоба шеңберіндегі проблемалар мен міндеттерді шешу дәрежесін салыстыру):

Жобаға дейінгі ахуал: Жас ғалымдар мен өнертапқыштардың аймақтағы жағдайы салыстырмалы түрде шектеулі болды, ресурстар мен қолдаудың болмауы олардың ғылыми жобаларын жүзеге асыруына кедергі келтірді.

Жоба аяқталған кездегі жағдай: Жобаның іске асырылуы арқылы жас ғалымдар мен өнертапқыштардың өз жобаларын таныстыруы және іске қосу мүмкіндігі пайда болды. Қауымдастық арқылы жаңа ғылыми байланыстар қалыптасып, қатысушылардың ынтымақтастығы артты.

«Жетістік тарихы» - бұл әлеуметтік жобаның қандай да бір нақты жағдайда (белгілі бір қызмет алушының өмірінде) қалай көмектескенінің қысқаша (5-8 сөйлем) мысалы;

Жетістік тарихын жарияланымдарда, сондай-ақ әлеуметтік жобаның нәтижелерін одан әрі ұзақ мерзімді бақылау үшін пайдалануға болады. Жетістіктің қысқаша тарихы келесі бөліктерді қамтуы керек: әлеуметтік жобаның басындағы жағдай; әлеуметтік жобаның жағдайға әсері әсер ету нәтижесі болып табылады.

Сондай-ақ, жетістік тарихында оның байланыс деректерін қоса отырып, белгілі бір қызмет алушының кері байланысы болғаны жөн.

- *Сайра Сайранова «М-TECH» облыстық инновациялық байқауында жеңімпаз атанып, «Safe Eyes» жобасын ұсынды. Жоба көз денсаулығын қорғау және алдын-алуға бағытталған. Сайраның жобасы нәтижелері жоғары бағаланды.*

Сайра Сайранова, байланыс телефоны: +7 701 770 0633.

4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат (бағдарламалық аралық есепті ұсыну кезінде):

Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
818	450	368

Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
818	0	818	0	20	0	0	18	17	25	0

Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
818	338	400	40	25	15	0	0

5. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:

- *көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):* Жоба барысында жасөспірімдер мен жастар белсенді түрде байқауларға қатысып, өз білімдері мен дағдыларын көрсетті. Бұл қатысушылардың арасында инновациялық жобалардың саны артты, ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілуі белсенді болды, және жаңа идеялар мен бастамалардың іске асу мүмкіндігі жоғарылады.
- *жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):* Жоба аймақтағы жас ғалымдар мен өнертапқыштардың әлеуетін арттыруға ықпал етіп, инновациялық идеялардың жүзеге асуына жағдай жасады. Ұзақ мерзімді перспективада бұл жобаның әсерінен аймақта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу белсенділігі мен өнертапқыштық қызметтің өсуі күтілуде. Бұл саладағы білім мен тәжірибе алмасу арқылы жас ғалымдар мен өнертапқыштардың кәсіби деңгейі артады, нәтижесінде аймақтың экономикасына оң әсер етуі ықтимал.
- *әлеуметтік жобаның/әлеуметтік бағдарламаның тұрақтылығы:* Жобаның тұрақтылығы оның қатысушылар арасындағы ынтымақтастық пен қолдаудың жоғары деңгейімен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, жобаның барысында құрылған қауымдастықтар мен қолдау желілері ұзақ мерзімде өз қызметін жалғастыра алады. Жоба нәтижелерін әрі қарай нығайту үшін серіктестік келісімдер мен тұрақты оқыту бағдарламалары жүзеге асырылады.
- *іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:* Жоба әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан аймақтың инновациялық экожүйесін нығайтуға ықпал етті. Жастар мен жас ғалымдардың кәсіпкерлік және ғылыми-зерттеу қабілеттерін арттыру арқылы жаңа стартаптар мен зерттеу жобаларының саны көбейді. Бұл аймақта жаңа жұмыс орындарының құрылуына және білім беру саласының жақсаруына себепші болып, жастардың өздеріне сенім артуына мүмкіндік берді.

6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды қалай жалғастыру жоспарлануда? Жобаға қоғамдық ұйымдар, білім беру мекемелері, ғылыми орталықтар және жеке сектор өкілдері қолдау көрсетті, бұл жобаның ауқымын кеңейтіп, сапасын жақсартты. Серіктестер мен билік органдарын тарту жобаның тиімділігін арттырып, қатысушыларға жаңа мүмкіндіктер берді. Тығыз байланыс пен ақпарат алмасу жобаның барлық кезеңдерінде қолдау көрсетуді қамтамасыз етті. Болашақта тұрақты кездесулер мен семинарлар өткізіліп, серіктестермен серіктестік келісімдер жаңартылып, жаңа ынтымақтастық бағыттары айқындалады.

Әлеуметтік жобаның серіктестері

Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер кірмейді.

Ұйымның атауы/ Серіктестің ТАӘ	Жобадағы рөлі	Ұйымның, серіктестің байланыстары	Ескерту
«MADIBA» ЖШС	серіктес	+7 708 256 56 17	
Айгерім Мажтай Mangystau HUB	серіктес	+7 778 030 4170	

Мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесіне енгізу үшін ұсыныстар:

№	Мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың ұсынылатын басым бағыты	Грантты іске асыру шешуі тиіс мәселенің қысқаша сипаттамасы	Қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Грант түрі	Күтілетін нәтиже
1	Ғылым және инновация	Жас ғалымдар мен өнертапқыштардың ғылыми жобалары	Жастардың ғылыми- зерттеу жұмыстарын дамыту және инновациялық жобаларды іске қосу	15 000 000	Жобалық грант	Жаңа ғылыми зерттеулер мен инновациялар, стартаптар санының артуы

2	Білім беру және кадрларды даярлау	Жастардың кәсіпкерлік дағдыларын дамыту бағдарламасы	Жастардың кәсіпкерлік білім алуына жағдай жасау, өз бизнесін бастауға көмектесу	10 000 000	Жобалық грант	Кәсіпкерлік дағдыларды меңгерген жастар, жаңа стартаптар санының өсуі
3	Ақпараттық технологиялар	Жас IT мамандарының инновациялық жобалары	Аймақтағы жас IT мамандарын қолдау арқылы цифрлық шешімдерді дамыту	7 000 000	Жобалық грант	Цифрлық шешімдер мен қосымшалардың көбеюі, жас мамандардың кәсіби өсуі
4	Экология және қоршаған орта	Экологиялық жобалар мен зерттеулер	Экологиялық сауаттылықты арттыру және қоршаған ортаны қорғауға арналған зерттеулер	8 000 000	Жобалық грант	Экологиялық жобалардың іске асуы, қоршаған ортаға қамқорлықтың артуы
5	Мәдениет және өнер	Жас өнертапқыштардың мәдени жобалары	Өнер мен мәдениет саласында жас өнертапқыштардың шығармашылық жобаларын қолдау	8 000 000	Жобалық грант	Жас өнертапқыштардың шығармашылығының дамуы, мәдени жобалардың көбеюі


Мемлекеттік органдар үшін әлеуметтік жобаны іске асыру қорытындылары бойынша нақты практикалық ұсынымдарды көрсетіңіз.

Мемлекеттік органдар	Ұсынымдар	Әзірленген ұсынымдарды жіберу туралы хаттың нөмірі мен күні (қосымшалары бар хаттардың көшірмелері осы есеппен бірге ұсынылуы керек)

Есеп беттерінің жалпы саны: _____

_____ / _____ / _____

Сөз алушы: «Алаш арманы» қоғамдық қоры

Директор  Айтжанов Галымжан Каржаубаевич

Толтыру күні _____
Мөрдің орны _____

